



"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1735

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қ а р а у ы н а е н г і з і л с і н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
З А Ң Ы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарының құқықтық мәртебесін, міндеттерін, ұйымдастыру мен қызметі қағидаттарын, өкілеттіктерін, сондай-ақ қаржы полициясы жүйесін анықтайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары (бұдан әрі - қаржы полициясы органдары) заңдарда белгіленген өкілеттіктері шегінде жедел іздестіру қызметін, алдын ала тергеуді және анықтауды, әкімшілік өндірісті жүргізу жолымен экономика және қаржы қызметі саласында қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғудың алдын алу, оны анықтау, жолын

кесу, ашу мен тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органдар болып табылады.

2-бап. Қаржы полициясы органдарының міндеттері

1. Қаржы полициясы органдарының міндеттері:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

2) экономика және қаржы саласындағы қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу мен тергеу;

3) экономика саласындағы сыбайлас жемқорлыққа және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

4) қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

5) заң актілерімен анықталатын өзге де міндеттер болып табылады.

3-бап. Қаржы полициясы органдары қызметінің құқықтық негізі

Қаржы полициясы органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясы, кодекстері, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

4-бап. Қаржы полициясы органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің қағидаттары

1. Қаржы полициясы органдарының қызметі заңдылық, барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі, адам және азамат құқықтары мен еркіндіктерін, ар-намысын құрметтеу және сақтау, қаржы полициясы жүйесінің тұтастығы, қызметтің жария және жария емес нысандарының үйлесуі және дара басшылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

2. Қаржы полициясы органдары мемлекеттік құпияларды қорғау туралы

заңдардың талаптарына қайшы келмейтін шекте жария іс-қимыл жасайды.

3. Заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, қаржы полициясы органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады.

2-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5-бап. Қаржы полициясының жүйесі

1. Қаржы полициясының төмен тұрған құрылымдары жоғары тұрғандарына бағынысты біртұтас орталықтандырылған жүйесі бар.

Қаржы полициясының біртұтас жүйесін:

- 1) қаржы полициясы органдары, оның ішінде:
орталық атқарушы орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);
қаржы полициясының аумақтық және арнайы органдары;
- 2) оқу орындары және уәкілетті орган оларға қатысты басқару органы болып табылатын өзге де ұйымдар құрайды.

2. Облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың қаржы полициясының тиісті бөлімшелері, сондай-ақ қаржы полициясының аймақаралық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық бөлімшелері қаржы полициясының аумақтық органдары болып табылады.

Қаржы полициясының көліктегі тиісті бөлімшелері қаржы полициясының арнайы органдары болып табылады.

3. Қаржы полициясының аумақтық және арнайы органдары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінде уәкілетті орган функцияларын жүзеге асырады.

4. Уәкілетті органды, оның бөлімшелері мен оқу орындарын, сондай-ақ қаржы полициясы жүйесіне кіретін ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қаржы полициясы жүйесіне кіретін ұйымдардың қызметін жүзеге асыру тәртібі және ерекшеліктері өзге заңдармен анықталады.

6. Қаржы полициясы органдарының туы мен рәмізі болады.

Қаржы полициясы органдары туы мен рәмізінің сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

6 - б а п . У ә к і л е т т і о р г а н

1. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экономика және қаржы қызметі саласында қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шекте салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы уәкілетті орган болып табылады.

2 . У ә к і л е т т і о р г а н :

- 1) қаржы полициясы органдары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдар қызметінің негізгі бағыттары бойынша іс-қимылдарына жалпы басшылықты, оларды үйлестіру мен келісуді қамтамасыз етеді;
- 2) қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, әкімшілік, тергеу және анықтау қызметінің практикасын талдайды;
- 3) экономикалық және қаржылық қылмыстарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіреді, жедел іздестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын анықтайды, қаржы полициясы органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде шараларды әзірлейді және іске асырады;
- 4) қаржы полициясы бөлімшелерінің жұмысын бақылайды;
- 5) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасады;
- 6) қаржы полициясы органдарының мамандарын даярлауды және кадрларының біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
- 7) қаржы полициясы органдары қызметінің басым бағыттарын айқындайды, оларды іске асырудың құқықтық, ұйымдастыру және экономикалық тетіктерін әзірлейді;
- 8) экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-әрекет жасайды, өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қ а т ы с а д ы ;

9) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Уәкілетті орган, оның бөлімшелері, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдары қызметінің негізгі мәселелерін қарау үшін уәкілетті орган басшысының жанынан консультативтік-кеңес беру органы болып табылатын алқа құрылады.

4. Заңдарда белгіленген негізде және тәртіппен қабылданған уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында о р ы н д а л у ғ а м і н д е т т і .

7-бап. Уәкілетті органның басшысы

1. Уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары заңдарға сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

2. Басшы өз өкілеттіктері шегінде шешімдер қабылдауда дербес және уәкілетті органның қызметі үшін жеке жауапты болады.

3. Б а с ш ы з а ң д а р ғ а с ә й к е с :

- 1) уәкілетті органға басшылықты жүзеге асырады;
- 2) барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда уәкілетті органды білдіреді;
- 3) қаржы полициясы органдары бөлімшелері мен оқу орындарының, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын тағайындайды;

4) өз орынбасарларының, қаржы полициясы органдары бөлімшелері мен оқу орындарының, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларының құқықтары мен міндеттерін айқындайды;

5) өз өкілеттіктері шегінде қаржы полициясы органдары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және н ұ с қ а у л а р б е р е д і ;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат саны лимитінің шегінде уәкілетті органның, оның бөлімшелерінің және қаржы полициясы органдары оқу орындарының құрылымын, және қаржы полициясы органдарының бөлімшелері мен оқу орындары туралы ережелерді бекітеді;

7) міндетті арнайы тексеруден өткен Қазақстан Республикасының азаматтарын қаржы полициясы органдарының кадр құрамына қабылдайды, арнайы атақтарды береді;

8) қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) алқаның сандық құрамын және, ереже бойынша, орынбасарларының, бөлімшелер басшыларының және өзге де лауазымды тұлғалардың ішінен, жеке құрамын бекітеді, сондай-ақ алқа отырыстарын дайындау мен өткізу тәртібін айқындайды;

10) заң актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

8-бап. Қаржы полициясы органдарының міндеттері

1. Қаржы полициясы органдары алдында қойылған міндеттеріне сәйкес, өз өкілеттіктері шегінде:

1) жасалған немесе жасалуға дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, олардың алдын-алу, ашу, қылмыс жасаған адамдарды ұстау, және қоғамға қауіпті зардаптарын болдырмау жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а ;

2) қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыруға;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға және жолын к е с у г е ;

4) жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру, қылмыстық процесте пайдалану үшін олардың нәтижелерін бекіту жолымен қылмыстарды анықтауды, олардың алдын алуды, жолын кесуді және ашуды қамтамасыз етуге, өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша жедел іздестіру шараларын жүргізу туралы тергеушінің жазбаша тапсырмалары мен прокурордың нұсқауларын, сондай-ақ сот ұйғарымдарын орындауға;

5) қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша адамдарды; мемлекет мүддесіне берілген талап бойынша орналасқан жері белгісіз болған кезде жауапкерді іздестіруді жүзеге асыруға;

6) экономикалық құқық бұзушылықтармен келтірілген мүліктік залалды орнына келтіруді қамтамасыз етуге шаралар қолдануға;

7) сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтарының алдын алуға, оларды анықтауға және жолын кесуге;

8) қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де тұлғалардың өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау бойынша заңдарда көзделген шараларды қабылдауға;

9) мемлекеттік, коммерциялық құпияны және жүктелген міндеттерді атқару кезінде алынған басқа да ақпаратты сақтауға;

10) заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

9-бап. Қаржы полициясы органдарының құқықтары

1. Қаржы полициясы органдарына оларға жүктелген міндеттерді орындау үшін, өкілеттіктері шегінде және заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай құқықтар беріледі:

1) жалпы және арнайы жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру;

2) тек қана өндірістегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды тұлғаларынан, сондай-ақ жеке тұлғалардан құжаттарға, материалдарға, статистикалық деректер мен өзге де мәліметтерге рұқсаты болуы және оларды беруді талап ету, олардың көшірмелерін алу, түсініктемелер алу, шақыру бойынша келуден жалтарып жүрген тұлғаларды мәжбүрлеп әкелу;

3) қылмыстық іс жүргізу заңдарына және әкімшілік заңдарға сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою немесе алуды жүргізу;

4) заңдарда көзделген тәртіппен тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

5) ұсталғандарды және қамауға алынған адамдарды айдауылдау;

6) қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу;

7) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау мен істерді қарау,

әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңдарда көзделген басқа да шараларды қолдану;

8) салықтық тексеру және мемлекеттік қызметке орналасуға үміткерлердің, мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік қызметтен босатылған тұлғалардың декларацияларын тексеру жүргізуде салық қызметі органдарына қолдаухаты (өтініші) бойынша жәрдем беру;

9) заңдарда көзделген жағдайларда уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардан ревизия, тексеріс, аудит және бағалау жүргізуді талап ету;

10) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың (меншік нысанына қарамастан) аумағына кедергісіз, ал әскери бөлімдердің және басқа да режимді объектілердің аумағына - олардың басшыларының келісімі бойынша, тергеу, анықтау және жедел іздестіру шараларын жүргізу мақсатымен кез келген уақытта кіру;

11) заңдарда белгіленген тәртіппен қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпарат жүйелерін құру және пайдалану, алдын ала тергеу, анықтау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндіріс барысында зерттеулер ұйымдастыру;

12) заңдарда белгіленген тәртіппен ғылыми-зерттеу, оқыту, баспа қызметін жүзеге асыру;

14) заң актілерінде көзделген өзге де әрекеттерді орындау.

2. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері заңдарда белгіленген тәртіппен қаруды, оқ-дәрілерді, арнайы құралдарды сақтауға, алып жүруге және қолдануға, сондай-ақ қажет болған кезде күш, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін, қолдануға құқығы бар.

4-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮШ, АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҚАРУ ҚОЛДАНУЫ

10-бап. Күш және арнайы құралдар қолдану

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері күш, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін, және тізбесін Үкімет анықтайтын арнайы құралдарды:

1) азаматтарға, қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне және өзге де елдің экономикалық қауіпсіздігін қорғау және қылмысқа қарсы күрес бойынша қызметтік немесе азаматтық борышын орындайтын тұлғаларға шабуылды тойтару;

2) құқық бұзушылықтардың жолын кесу және құқық бұзушыларды, егер осы

адамдар заңды өкімдерге немесе талаптарға бағынбаса немесе өзге де қарсылық көрсетсе, немесе айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін болса, оларды құқық қорғау органының үй-жайларына жеткізу;

3) ұсталғандарды, қамауға алынған адамдарды, егер осы адамдар айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтірумен түйіндес заңды өкімдерге немесе талаптарға бағынбаса немесе өзге де қарсылық көрсетсе, немесе, айдауылдау;

4) қажетті қорғаныс пен аса қажеттіліктің өзге де жағдайлары кезінде қолданады.

11 - б а п . Қ а р у қ о л д а н у

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген шекте жауынгерлік қол атыс қаруын:

1) азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнгенде оларды қылмыстық қол с ұ ғ у д а н қ о р ғ а у ;

2) қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қаржы және салық органдарының иелігіндегі, пайдаланысындағы немесе бақылауындағы күзетілетін тауарларға, ғимараттарға, үй-жайларға, құрылыстарға және көлік құралдарына шабуылды тойтару;

3) қарулы қарсылық көрсеткен, қылмыс жасаған, тұтқыннан қашқан (әкімшілік қамаудағылардан басқа) адамдарды ұстау, қарулы адамдарды ұстау;

4) егер жүргізуші қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің заңды

талаптарына бағынбай азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса, көлік құралдарын зақымдау жолымен тоқтату;

5) жануарлар шабуылынан қорғану;

6) қару қолдану туралы ескерту, дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру;

7) қажетті қорғаныс пен аса қажеттіліктің өзге де жағдайлары кезінде қолдануға құқылы.

2. Жауынгерлік қол атыс қаруын қолданудың барлық жағдайларында қаржы полициясы органдарының қызметкері:

1) айналасындағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті шаралар қабылдауға;

2) тікелей бастығына қару қолданғаны туралы баяндауға, ал қару мен арнайы құралдарды қолдануы адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған жағдайларда кідіріссіз прокурорды хабардар етуге міндетті.

12-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің

күш қолдануы, арнайы құралдарды және қаруды қолдануы бойынша шектеулер

Әйелдерге, мүгедектік белгілері анық адамдарға және жасы белгілі немесе анық болып тұрса кәмелетке толмағандарға қатысты, олар айналасындағылардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасып шабуыл жасаған немесе қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, күш қолдануды, арнайы құралдар мен қаруды қолдануға тыйым салынады.

5-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

13-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің еңбегін құқықтық реттеу мен жағдайы

1. Еңбек қатынастары:

1) қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары осы Заңмен, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережемен, сондай-ақ осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдармен реттеледі;

2) қаржы полициясы органдарының мамандары мен жұмысшыларының еңбек қатынастары мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдармен реттеледі.

2. Қаржы полициясы органдарының қызметінде немесе кадрларында тұрған, белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген Қазақстан Республикасының азаматы қаржы полициясы органдарының қызметкері болып табылады.

Қаржы полициясы органдарының кадрына енгізу тәртібі мен шарттары Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережемен анықталады.

3. Қаржы полициясы органдарының қызметкері мемлекеттік өкімет өкілі болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің заңды талаптарын барлық азаматтар мен лауазымды тұлғалар орындауға м і н д е т т і .

4. Қаржы полициясы органдарының қызметкеріне Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережеде көзделген тәртіппен оның жеке басын және өкілеттіктерін растайтын белгіленген үлгідегі қызметтік куәлік пен жетон беріледі. Куәлік пен жетонның сипаттамасын уәкілетті орган бекітеді.

5. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің заңды талаптарын орындамау,

қорлау, қарсылық көрсету, зорлықпен қорқыту немесе оның өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиеті мен мүлкіне қол сұғу, оған жүктелген міндеттерді орындауға бөгет жасайтын басқа іс-әрекеттер жасау, сондай-ақ оның қызметтік борышын орындауына байланысты отбасы мүшелері мен жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиеті мен мүлкіне қол сұғу заң актілерімен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

6. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің қызметтік іс-әрекетіне араласуға, осыған заң актілерімен тура уәкілеттік берілген тұлғалардан басқа, ешкімнің құқы жоқ. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің іс-әрекетіне құқыққа қарсы араласу заң актілерінде белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

7. Қаржы полициясы органдарының қызметкері республиканың аумағында лауазымына және ведомствоішілік бағыныстылығына, уақытқа қарамастан, оған азаматтар немесе лауазымды тұлғалар экономика қызметі саласындағы құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабарлама берген жағдайда немесе сондайды тікелей анықтаған жағдайда, экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жақын арадағы қаржы полициясы органдарының бөлімшесіне хабарлау бойынша өзіне берілген құқықтарды толығымен пайдалануға міндетті.

8. Қаржы полициясы органдарының қызметкері өзіне қатысты қабылданған шешімдер мен әрекеттерге жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

9. Қаржы полициясы органдарының қызметкері, егер оның әрекеттері заңдарға сәйкес жүзеге асырылса, арнайы құралдарды, күш пен қаруды қолданудан келтірілген зиянға жауап бермейді.

10. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері үшін жұмыс уақытының ұзақтығы еңбек туралы заңдарға сәйкес белгіленеді. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері кезек күттірмейтін жедел және тергеу іс-шараларын орындау қажет болған жағдайда белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мейрам күндері қызметтік міндеттерін атқаруға тартылуы мүмкін.

11. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаржы полициясы органдарының кадрларында қалдырыла отырып, Үкімет айқындайтын тәртіппен мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

14-бап. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерімен қызмет өткеру

1. Қаржы полициясы органдарына қызметке он сегіз жасқа толған, өзінің жеке,

моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, білім деңгейі мен денсаулық жағдайы жөнінен қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

2. Қаржы полициясы органдарының оқу орындарына оқуға он алты жасқа толған, орта білімі бар, денсаулық жағдайы жөнінен қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге жарамды адамдар алынады.

3. Қаржы полициясы органдарына қызметке 40 жастан аспаған, ал қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына - 32 жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

4. Қаржы полициясы органдарына қызметке бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақтауға болмайтын негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік органдардан теріс себептермен босатылған адамдар қабылданбайды.

5. Қаржы полициясы органдарына қызметке алынған азаматтар мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ант береді.

6. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне саяси партияларда, кәсіби одақтарда тұруға, қандай да болсын саяси партияны қолдауға, ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға, өзге ақылы қызметке орналасуға (оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ коммерциялық ұйым басқару органының немесе бақылау кеңесінің құрамына кіруге тыйым салынады.

7. Қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамының

лауазымдарына тағайындалған немесе кадрларына енгізілген әскери міндеттілер, қаржы полициясы органдары оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса, белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылып, қаржы полициясы органдарының арнайы есебінде тұрады.

15-бап. Қаржы полициясы органдарындағы қызметтің шекті жасы

1. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қызметте болуының шекті жасы:

- 1) қатардағы және кіші басшы құрам тұлғалары үшін - 45 жасқа;
- 2) орта басшы құрам, сондай-ақ майор мен подполковник арнайы атақтарындағы аға басшы құрам тұлғалары үшін - 45 жасқа, полковник арнайы атағындағы тұлғалар үшін - 50 жасқа;
- 3) жоғары басшы құрам тұлғалары үшін - 55 жасқа белгіленеді.

2. Қажет болған жағдайда қаржы полициясы органдарының жекелеген қызметкерлеріне Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережемен

анықталатын тәртіппен қызмет мерзімі ұзартылуы мүмкін.

16-бап. Қаржы полициясы органдарындағы қызметті тоқтату негіздері

1. Қаржы полициясы органдарындағы қызметті тоқтату үшін негіздер:

- 1) осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметтен босатылу;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту;
- 3) қаржы полициясы органдарының қызметкерін заңда белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп тану;
- 4) қаржы полициясы органдары қызметкерінің өлімі;
- 5) оның лауазымымен сыйыспайтын қызметпен айналысуы;
- 6) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі немесе ақтауға болмайтын негіздер бойынша қылмыстық істің қысқартылуы.

2. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері:

- 1) зейнетақыға құқық беретін қызмет өткерген жылдары (қызмет мерзімі) бойынша;
- 2) қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша - тиісті комиссияның қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы қорытындысы негізінде;
- 4) штаттың қысқаруына байланысты;
- 5) өз қалауымен;
- 6) келісім-шартты бұзуға байланысты;
- 7) аттестациямен белгіленген тәртіпте қызметке сай келмеуі бойынша;
- 8) сынақ мерзімі кезінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;
- 9) кір келтіретін теріс қылық жасағанда;
- 10) қызмет тәртібін ұдайы бұзуы үшін;
- 11) еңбек туралы заңдарда көзделген өзге жағдайларда жұмыстан босатылады.

3. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері әскери есепке қойылуымен запасқа шығарылады, егер олар әскери қызметке жарамды тұлғалар запасында тұру үшін заңдарда белгіленген шекті жасына жетпеген болса.

17-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің арнайы атақтары

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне мынадай арнайы атақтар белгіленеді және беріледі:

- 1) қатардағы құрам:

қатардағы қаржы полицейі;

2) кіші басшы құрам:

қаржы полициясы кіші сержанты;

қаржы полициясы сержанты;

қаржы полициясы аға сержанты;

қаржы полициясы старшинасы;

3) орта басшы құрам:

қаржы полициясы кіші лейтенанты;

қаржы полициясы лейтенанты;

қаржы полициясы аға лейтенанты;

қаржы полициясы капитаны;

4) аға басшы құрам:

қаржы полициясы майоры;

қаржы полициясы подполковнигі;

қаржы полициясы полковнигі;

5) жоғары басшы құрам:

қаржы полициясы генерал-майоры;

қаржы полициясы генерал-лейтенанты.

2. Жоғары басшы құрамның арнайы атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Кіші, орта және аға басшы құрамның арнайы атақтарын беру (олардан айыру) тәртібі Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережемен анықталады.

6-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

18-бап. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне
еңбекақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзгедей
қамтамасыз ету

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің біртұтас жүйесінің негізінде белгіленеді және лауазымдық жалақыға, арнайы атақтар үшін қосымша төлемге, жылына екі лауазымдық жалақы мөлшеріндегі сауықтыруға

арналған жәрдемақыға; қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақыға; Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өтемақыларға; орын ауыстыру кезіндегі көшерақы және қызметтен босатылу кезіндегі біржолғы жәрдемақыға сүйене
о т ы р ы п а н ы қ т а л а д ы .

2. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің ақшалай жабдықтылығы заңдарда белгіленетін ақшалай үлестен және қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақыдан тұрады.

3. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің ақшалай үлесі лауазымдық жалақыдан және арнайы атақ үшін қосымша төлемнен тұрады.

4. Ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу шарттары мен тәртібі заңдарға сәйкес анықталады.

5. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері үлгілері мен тиесілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тегін нысандық әрі арнайы киім-кешекпен қамтамасыз етіледі.

6. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету ішкі істер органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңдарда белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қызмет өткерген жылдарын есептеу ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

7. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне асыраушысынан айырылған жағдайда және мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін заңдарда белгіленген тәртіппен және шарттарда жүргізіледі.

19-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің демалысы

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне ұзақтығы отыз күнтізбелік күн жыл сайынғы демалыс, сондай-ақ заңдарда көзделген өзге де демалыс беріледі.

2. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қосымша ақы төленетін демалыс (күнтізбелік есеппен) қызмет өткерген жылдарына қарай:

он жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға - ұзақтығы бес күнтізбелік күн;

он бес жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға - ұзақтығы он күнтізбелік күн;

жиырма жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға - ұзақтығы он бес

күнтізбелік күн мерзімге беріледі.

20-бап. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертіккен жағдайда кепілдіктер

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мертіккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда - оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төленеді.

Біржолғы өтемақыны төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

2. Қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе қызметтен босатылған кейінгі бір жылдың ішінде қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақатынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның отбасына соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай үлесі мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

3. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезіндегі жарақаты, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде, оларға:

1) 1-топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай үлесі;

2) 2-топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай үлесі;

3) 3-топтағы мүгедекке - алты айлық ақшалай үлесі мөлшерінде біржолғы өтемақы т ө л е н е д і .

4. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмаған ауыр мертіккен (жараланған, жарақат, контузия алған) жағдайда оларға бір жарым айлық ақшалай үлесі мөлшерінде, орташа деңгейде мертіккен жағдайда - бір айлық ақшалай үлесі мөлшерінде, жеңіл мертіккен жағдайда - жарты айлық ақшалай үлесі мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

5. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің қазасы (қайтыс болуы), жарақаты, жаралануы (мертігуі), науқастануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындауға қатысы жоқ жағдаяттарға байланысты болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

6. Қаржы полициясы органдарының қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін үш айлық ақшалай үлесі мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

21-бап. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үй құқығы

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан тұрғын алаңмен бірінші кезекте қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

2. Қызметте тұрған қаржы полициясы органдарының қызметкерлері тұрып жатқан қызметтікке теңестірілген тұрғын үй-жайларын заңдарда белгіленген тәртіппен және шарттарда жекешелендіре алады.

3. Егер басқа тұрғын үй-жайлар берілмесе қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері, сондай-ақ қаржы полициясы органдарының қаза тапқан қызметкерінің отбасы қызметтік тұрғын үй-жайлардан немесе қызметтікке теңестірілген тұрғын үй-жайлардан шығарылуға жатпайды.

4. Қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның отбасы ол қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей заңдарда белгіленген шарттарда және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алуға құқылы.

22-бап. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғаудың өзге шаралары

1. Қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, тергеу, саптық бөлімшелерінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тізбе бойынша, олармен бірге тұрып жатқан отбасы мүшелерін есепке алып, тұрғын үй ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тиісті

жылға арналған республикалық бюджетпен анықталатын мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекте, қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне заңдарда белгіленетін әлеуметтік қорғаудың өзге шаралары таралады.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

23-бап. Қаржы полициясы органдарын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және осы Заңның күшіне ену тәртібі

1. Қаржы полициясы органдарының шығыстарын қаржыландыру және оларды

материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражатынан жүргізіледі.

2. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

24-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің жауапкершілігі және олардың құқыққа қарсы әрекеттеріне шағымдану құқығы

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін заңдарға сәйкес тәртіптік, қылмыстық және өзге де жауапкершілікке тартылады.

2. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне заңдарда белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

25-бап. Қаржы полициясы органдарының қызметін қадағалау

Қаржы полициясы органдарының Қазақстан Республикасының заңдарын дәл және бірыңғай қолдануына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының прокуратура органдары заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.